

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ - ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**



**HOSA AHMET YESEVI
ULUSLARARASI
TURK-KAZAK UNIVERSITESI**

**Денсаулық сақтау ұйымында сапа менеджмент жүйесі.
Медициналық көмек көрсетудің бірыңғай
менеджменті мен сапасын басқарудың замануи
ұстанымдар**

**Орындаған:Амирова С.М
Қабылдаған: Бектұрғанов.Р.С
Тобы: 609**

Жоспар:

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім

- ❖ Денсаулық сақтау ұйымында сапа менеджмент жүйесі.
- ❖ Медициналық көмек көрсетудің бірыңғай менеджменті мен сапасын басқарудың замануи ұстанымдар

3. Қорытынды

4. Қолданылған әдебиеттер.

- **Денсаулық сақтау ұйымында сапа менеджмент жүйесі.** Медициналық қызмет аймағында бәсекелестікке жету үшін, халықаралық стандартқа және ҚР стандарттарына сай Сапа Менеджмент Жүйесі (СМЖ) енгізілді. СМЖ еңбектің ішкі кодексі ретінде, яғни Президент Жолдауында айтылғандай жүйелі жұмыс істеу әдістері, емдеу-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру процестерін және жүйелердің қатынасының өзара байланысын жүйелі қарастыруға болады. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жүйелілік-біздің қазіргі заманда жақын 10 жылдықта алға қарай жылдам ұмтылудың негізгі формуласы» деді.

- **Бұл нормативтердің ерекшелігі- өнімнің тікелей деңгейіне талап қоймай, тұрақты және жоспарланған медициналық қызметтің сапасына, медициналық басқару ұйымының жүйесіне талап қояды, ISO 9001 стандарт сериясы көзқарасы бойынша науқастың жоспарлап күткен нәтижесі берген «өнім» сапалы деп қарастырылады.**
- **Дәлел бойынша СМЖ медициналық ұйымның сапа менеджменті жүйесін , үздіксіз процесс және процедура арасындағы байланыс әрекетін, ұйымдастыру және техникалық шараларды, жоспар, мақсат, компетентті қызметкер, негізгі қаражат, құжаттар, яғни медициналық ұйымдастыру мақсатына жету үшін қажетті барлық заттарды қарастырады.**


- **Менеджмент** дегеніміз нарық заманын дағы басқару.

Яғни


1. персоналдарды басқарушы
 2. Ұйымдастырушы
 3. Жоспарлаушы
 4. мотивациялау (ынталандырушы)
 5. бақылаушы болып табылады
- Қорыта келгенде менеджмент - бұл
 - адамзаттың оптимизациялық процестері, яғни
 - ұйымдастыру мақсатына жету үшін материалдық және қаржылық ресурстарды дұрыс қолдана білу.

• Денсаулық сақтау ұжымында СМЖ құрылуын және қызметінің негізін 8 қағида құрайды. Олар:

- 1. тұтынушыға бейімделу**
- 2. құрылым бөлімшелері басшыларының лидері**
- 3. медицина қызметкерлері процесіне ірі маңызды ендіріс жасау**
- 4. СМЖ сатыларын жүйелі реализациялау**
- 5. менеджментті жүйелеп өзгерту**
- 6. медициналық қызмет сапасын тұрақты жақсарту**
- 7. шешім қабылдауда негізгі дәлелдіге шынайы қарау**
- 8. денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызмет орталығы мен өзара пайдалы қатынаста болуы.**


- 
- **Медициналық көмек көрсетудің бірыңғай менеджменті мен сапасын басқарудың замануи ұстанымдар:**
 - Менеджмент - басқару теориясы мен нарықтық
 - Экономикада қажетті элемент болып табылады.
 - Басқару теориясы ғылым ретінде ХІХ ғасырдың
 - аяғымен ХХ ғасырдың басында пайда болып, өз
 - дамуында бірнеше дәуірді басынан кешірді.
 - Қазіргі заманға сай медициналық тиімді сапалы қызмет көрсетуді қамтуды және басқару мәселелері соңғы кездері Республикалық денсаулық сақтау ұйымының ең күрделі мәселесіне айналды.

- Президент Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің дамуының жаңа кезеңіндегі мемлекеттік саясаттың бір бағыты - медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту екенін атап көрсетті. Медициналық қызметтердің сапасы кешендіұғым болып табылады және ол көптеген көлемді себептерге байланысты, олардың ішінде медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықталуы, клиникалық мамандардың кәсіби деңгейін және оны арттыруға деген уәждемесінің болуы, медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсету үдерістерін басқарудың қазіргі заманғы технологияларын енгізуден, медициналық көмекке ақы төлеуді енгізудің тиімді әдістерін ерекше атап өткен жөн.

- 
- **Медициналық қызметтердің сапасын басқаруды жетілдіру Қазақстанның денсаулық сақтау саласын 2020 жылға дейін стратегиялық дамыту аясында маңызды орын алады деп атап көрсетілген.**
 - **2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы N 1113 Жарлығымен бекітілген) негізгі стратегиялық басым бағыттары және іске асыру тетіктері айқындалған, оның ішінде еліміздегі халыққа көрсетілетін медициналық көмек сапасын жақсарту қарастырылған.**

- **Пациенттер үшін медициналық көмектің сапасы олардың мұқтаждығына сай келетін, өз уақытылы болуы және осы көмекті көрсететін медициналық қызметкерлер құрамы қаншалықты сыпайы, ілтипатты болуымен айқындалады. Пациенттер нәтижелілік пен қолжетімдікке, медициналық қызметкерлер құрамы мен өздерінің арасындағы өзарақатынасқа, сонымен қатар сапаның біршама маңызды сипаттамасы ретінде медициналық көмек үздіксіздігіне жиі назар аударады.**



- 
- **Медициналық қызметкерлер әдеттегідей кәсіби құзыретке, тиімділік пен қауіпсіздікке көңіл бөледі. Олардың көзқарасы бойынша, медициналық көмек сапасы медициналық қызметкерлерде пациенттердің денсаулығын жақсарту үшін қажетті дағдылар, ресурстар мен жағдайлардың бар болуын түспалдайды.**
 - **Медициналық көмек сапасы қазіргі таңда денсаулық сақтаудың анағұрлым маңызды проблемеларының бірі болып саналады. Көрсетілетін медициналық көмек сапасынан бөлек бір адамның да және жалпы қоғамның да өмір сапасы байлайланысты болады.**

Қорытынды:

- **Мамандандырылған СМЖ өзін бағалау емес, бірақ тұтынушы талаптарын қанағаттандыру және ұйымның бәсекелестігін тұрақты жоғарлату мақсатында орындалатын міндетті және құнды шаралар.**

Қолданған әдебиеттер:

- **1.Актуальные проблемы управления качеством. С. Курмангалиев «Мир качества» 2007 г.**
- **2.Внедрение ИСО-экзамен серьезный. С. Иванов «Казахстанская правда» 2007 г.**
- **3.Аудит – система менеджмента качества. К. Кенжеева «Новости Госсан-дар».2007 г.**